



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №37 (151) 28 тамыз 2026 жыл

ӘЛЕУМЕТ

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

«Sheksiz mymkindikter» лагері Бірегей жоба екендігін дәлелдегі

Жұма күні Қонаев қаласының «Балдәурен» республикалық жоқу-сауықтыру орталығында Алматы облысында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Sheksiz mymkindikter» спорттық инклюзивті лагерінің биылғы жабылу маусымы болып өтті. 13 шілде мен 22 тамыз аралығында лагерь төрт ауысымда ұйымдастырылып, оған Қазақстанның барлық өңірінен 300 бала мен 300 ата-ана қатысты.



«Sheksiz mymkindikter» - бұл ерекше қажеттіліктері бар (мүгедектігі бар) балалар мен олардың ата-аналарына арналған республикалық инклюзивті спорттық-мотивациялық және шығармашылық жазғы лагерь. Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобалар қоры және «ДЦП Life» орталық-азиялық қорымен бірлесіп, биыл төртінші жыл қатарынан жүзеге асырылуда. Лагерь ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларын бір ортаға біріктіріп, дамуға, қарым-қатынас жасауға және белсенді демалуға мүмкіндік беріп келеді.

Жобаның басты мақсаты-балалардың денсаулығын нығайтып, жаңа спорттық дағдыларды меңгеруіне, қарым-қатынас қабілеттерін дамытуына, өз күшіне деген сенімін арттыруына, жеке әлеуетін ашуына және өзін біртұтас команданың мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік беретін инклюзивті орта қалыптастыру. Лагерь бағдарламасына бейімделген спорт түрлері, шығармашылық шеберлік сабақтары, командалық ойындар, білім

ры-«Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауымен жүзеге асырып келеді екен. Лагерь бағдарламасы 10-18 жас аралығындағы әр түрлі диагнозды (дцп арбада, дцп жүретін, аутизм жеңіл түрі, Синдром Дауна, есту, көру қабілеті нашар, қант диабет сияқты) ерекшелік-



тері бар балалар мен жасөспірімдерге арналған. Бұл-адаптивті және паралимпиадалық спорт түрлерін танымал етуге, мүгедектігі бар балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, балалар мен ата-аналарды спорттық мансапқа

қоры Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Фибрат Ауғановқа шын жүректен алғыс айтамын. Лагерь «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржыландыруымен өтетіндіктен ата-аналар мен балалар төрт жылдан бері тегін қатысып келеді. Жобаның бастамашылары-Орталық Азияның «ДЦП Life» қоры балаларды паралимпиадалық спорт түрлерімен таныстыру арқылы олардың дүниетанымын кеңейтуді, ата-аналарға балаларының даму перспективаларын көруге мүмкіндік беруді, сондай-ақ балаларын қолдау мен дамыту үшін қажетті мотивация мен ресурстар беруді мақсат етеді,-деді өз пікірімен бөліскен «ДЦП Life» қорының басшысы Зәуре Алпысбайқызы.

Екі сағаттан астам уақытқа созылған салтанатты шара барысында біздер «Sheksiz mymkindikter» лагері тек балалар үшін ғана емес, мұнда ата-аналарға арналған арнайы бағдарлама жасалғанын пайымдадық. Балалар мен ата-аналарды ынталандыру және қолдау мақсатында «ДЦП Life» қорының шақырған психологтары мен коучтарының авторлық сессиялары өткізілетіндігін көзімізбен көрдік. Сонымен бірге ата-аналар психолог маманға жеке жан сырын ашып, рухани

жаңарып, жан дүниелерінің де сауығатындығын айтқан жүрекжарды әңгімелерінің куәсі болдық.


-Қоғамда жиі талқылана бермейтін тақырыптардың бірі - ерекше күтімді қажет ететін балалардың жан-жақты әлеуметтік дамудан шет қала беретіні. Бұл жасырын емес. Ерекше қажеттілігі бар жандарды қоғамнан оқшауламай, өз қатарластарымен тең дәрежеде араластырып, шығармашылықпен айналысулары үшін тиісті жағдай жасалып жатқандығын «Шексіз мүмкіндіктер» лагерінен көріп, куәсі болып отырмыз. Мұнда мүмкіндігі шектеулі балаларды өз құрбыларынан бөле-жармай, бүгінгі әлеуметтік ортаға бейімдейтін бірегей жоба екендігін айқын аңғартып тұр. Барлық баланың мүмкіндігі бірдей, бірақ оны аша білу керек. Қандай жағдай болмасын, олар кереметтілікке ұмтылады. Ал кереметтілік әрдайым батыл қадамдарға итермелейді. Балалар осы қадамды өздері жасап отырғаны мені қуантты,-деді құттықтау сөзінде Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Бүркітбайұлы.

Іс-шараға келген құрметті қонақтар балаларға зор денсаулық, жаңа жеңістер, арман-мақсаттарына жетулеріне үміттерін үкілесе, ата-аналарына балаларының жетістігі әрқашан қуаныш пен мақтаныш сыйласын дей отырып, «ДЦП Life» қорына, «Samruk-Kazyna Trust» командасына, жаттықтырушыларға, мамандарға, ерікті жастарға және барлық ұйымдастырушыларға өздерінің алғыс сезімдерін жеткізді.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚОЛДАУ

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы орта қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта Семей қаласында заманауи талаптарға сай инклюзияны қолдау кабинеттерін ашу жұмыстары жүргізілуде.



«Samruk-Kazyna Trust» қорының бас директоры Альфия Адиева Семей қаласына арнайы барып, бір топ еңбек ардагерімен бірге жаңа инклюзия кабинеттеріндегі жұмыс барысымен танысты. Жоба IV Charity Samruk Marathon қайырымдылық марафоны барысында жиналған қаражат есебінен жүзеге асырылуда. Қайырымдылық шарасынан түскен қаржыға Семей қаласындағы №3, №13, №17, №20 және №47 мектептерде барлығы бес заманауи инклюзияны қолдау кабинеті ашылады.

Жаңа кабинеттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар 300-ге жуық балаға қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Әр кабинет баланың білім алуына, шығармашылық қабілетін дамытуына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Кабинеттер заманауи open space форматында жасақталып, мұнда дефектолог, логопед және психолог мамандардың жұмысына арналған арнайы аймақтар қарастырылған. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында қыш шеберханасы, ал денсаулығын нығайтуға арналған заманауи құралдармен жабдықталған емдік дене шынықтыру кабинеті болады. Әр кабинеттің аумағы кемінде 60 шаршы метрді құрайды. Жобаның тағы бір маңызды бағыты – мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру. Бір жыл ішінде педагогтер мен бейінді мамандар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің заманауи әдістерін меңгеріп, арнайы оқытудан өтеді.

Осындай инклюзияны қолдау кабинеттері Ақтөбе қаласындағы 10 мектепте де ашылады. Нәтижесінде Семей мен Ақтөбе қалаларында барлығы 15 инклюзияны қолдау кабинетін құруға, оларды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге және мамандарды оқытуға 524 млн теңге бағытталмақ. Жаңа кабинеттер жаңа оқу жылында балалардың игілігіне қызмет ете бастайды. Бұл – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатарластарымен бірге білім алып, өз ортасына белсенді араласуына жасалған



маңызды қадам. Ең бастысы, балалар қажетті көмекті мектеп қабырғасында, тегін әрі қолжетімді түрде ала алады. Ал мұндай заманауи ортаның қалыптасуы олардың білім алуына ғана емес, шығармашылық қабілетін ашуына, өзіне деген сенімін арттыруына және қоғамға еркін бейімделуіне жол ашады.

Инклюзивті білім беруге жасалған мұндай қолдау – әр баланың мүмкіндігіне сенім білдіріп, олардың сапалы білім алуға деген құқығын қамтамасыз етудің жарқын үлгісі.

Миргүл БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ.



беру және дамытуға бағытталған сабақтар енгізіліп, қатысушылардың отбасыларына да ерекше көңіл бөлінетіндігін айта кеткеніміз жөн.

Лагерьдің маусымдық аяқталуына арналған салтанатты шараға Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев пен осы ұйым төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы қатысты.

«Sheksiz mymkindikter» лагері жұмыс істеген төрт жыл ішінде оған 1000-нан астам бала қатысыпты. Жобаны «ДЦП-Life» қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы

ынталандыруға бағытталған бірегей жоба екендігіне көзімізді жеткіздік. Шара барысында мамандар әзірлеген бағдарламаға белсенді қатысу балаларға толыққанды өмір сүруге кедергі келтіретін психологиялық тосқауылдарды жеңуге, сондай-ақ тұлғалық дамудың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беретіндігін көрдік, тамашаладық, риза көңілмен қошамет көрсеттік.

- Бізге қолдау білдіріп келе жатқан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Альфия Адиева мен «Samruk Kazyna» әлеуметтік жобаларды дамыту

● РУХАНИ БАЙЛАНЫС

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері Әбілғазы Құсайыновтың облыстық «Алатау ардагері» газетінде жарияланған «Даналық формуласы» макаласындағы «Бастауыш ардагерлер ұйымының филиалдары-қозғалыстың негізі» атты бағыты нақты, жанды жұмыстың дәл осы жергілікті жерлерден басталатындығына анық көз жеткізіп отыр.

Біздің бағытымыз айқын

Бірлік ауылының ардагерлері ауылдық округ бойынша әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы бойынша ауылды көркейту, көгалдандыру, ардагерлердің әлеуметтік жағдайларын жақсарту, халыққа қызмет көрсету аясында жұмыстар атқарып келеді. Бірлік ауылында 146 зейнеткер бар. Бұлардың бәрі де осы ауылда еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан аға буын өкілдері.

Округ аумағында 17360 жа жердің 12060 жа жері жайылымдық болып саналады. Ауылда 1249 ірі қара, 3479 қой, 157 жылқы базаға кіргізіліп, шаруашылық кітапқа тіркелген. Бұл деректерді мен босқа келтіріп отырған жоқпын. Ата-бабамыз, аға буын өкілдері балалық шақтан еңбек дағдыларын сіңіруді біздің бойымызға молынан сіңірді. Ендігі кезекте уақыт талабы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық секторды сапалы дамыту тұрақты түрде өсуді және ынталандыру шараларын жетілдіруді алдымызға тосып отыр. Осынау жұмысты ұйымдастыруда ардагерлердің ықпалы керек. Өйткені біздер екі қоғамның куәгерлері ретінде жұмыс істеудің тегігін білеміз. Оған қоса іс-тәжірибеміз де жеткілікті. Бірақ біздер қартамыс жастамыз. Ендігі жайт, жастарды еңбекке баулу арқылы ақыл-кеңесімзді беру. Ел мен жерге деген шынайы сүйіспеншіліктерін ояту арқылы ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін одан ары дамытуға үлесімзді қосу кезек күттірмес шараның біріне саналуы керек.

Жас та болса, еңбегімен елдің алғысына бөленіп келе жатқан Бірлік агрофирмасының басшысы Алмас Қыстаубаев ардагерлерге тұрақты көмек көрсетіліп келеді. Ауылымыз аудандағы іргелі шаруашылықтың бірі болғандықтан әлеуметтік жеңілдіктерден, жем-шөптен тапшылық көріп отырған жоқпыз. Ауыл тұрғындары мен зейнеткерлердің, қоғамдық ұйымдарының қатысуымен өткізілетін жиындарда ауылымыздың береке-бірлігі, жастарға ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, тіл мәдениетін қастерлеуді, оның мән-мағынасы мен маңызын түсіндіру жұмыстары еске алынып отырылады.

Бастауыш ардагерлер ұйымы-қоғамдық қозғалыстың негізгі тірегі. Осы ұйымнан өзек алған әрбір бастама аудандық ардагерлер ұйымында пысықталып, сараптан өткізіліп, толықтырылып одан ары ілгерлеп жұмыс істеуімзге берден-бір себепкер болып отыр. Ынтымақ бар жерде қашанда береке бар. Ал Бірлік ауылының ардагерлері бұл қағидатты жадыларына берік сіңіріп, көрші ауылдардағы замандастарымызға үлгі болып келеді. Сөз басында айтып өткенімдей, жалпымемлекеттік маңызды шешімдерді ілгерлетуде бастауыш ұйымдардың рөлі зор деп білемін.

Көркен АНИПИН,
Бірлік ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Балқаш ауданы.

● БАСТАУЫШ ҰЙЫМДА

Ортақ істе үлесіміз баршылық

Аудандық ардагерлер ұйымының қолқа салуымен менің Жамбыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы болып келе жатқанымға үшінші жылға таяп қылды. Бұл ой жіберіп қараған адам үшін оңай уақыт емес. Қоғамдық негізде атқаратын бұл жұмыстың жауапкершілігі де жоғары. Аталған ұйым біздің тарапымызға түскен мемлекетіміздің тапсырмалары мен нұсқауларын бұлжытпай орындап отыру болып табылады. Халықтың қамы үшін жасалып отырған игілікті істерге көпшілікті жұдырықтай жұмылдырып, нақты нәтиже шығарып отыру біздің төл міндетіміз екенін жақсы сезінеміз.

Осы тұрғыдан алғанда өзім жетекшілік жасап отырған Жамбыл ауылдық округіне қарасты ардагерлер ұйымында бүгінгі күні 1700-ден астам ардагерлер есепте тұрады. Бұлардың қатары жыл өткен сайын зейнеткерлікке шыққан адамдардың қатарымен толығып келеді. Сол сияқты біздің жұмысымыз ауылдық «Әжелер» және «Асыл ана» ұйымдарымен тығыз байланыста бірлесе жұмыс жасайды. Атап айтар болсақ, біздің ұйымдардың қоғамдық ортақ іске қосып отырған үлестері баршылық деп айта аламыз.

Бұл орайда мен Тілеуберген Омаров басқарып отырған Қошмамбет ауылдық, Жақан Саламатов басқарып отырған Батан ауылдық, Ақжігіт Ыдырысов басқарып отырған Ұлан ауылдық, Абдулла Сарбасов басқарып отырған Рахат ауылдық, Сәбит Қоңырбаев басқарып отырған Жамбыл ауылдық, Рахматолла Хамзин басқарып отырған Жамбыл-2 ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен Сейрат Халилов жетекшілік жасап отырған түрік қауымдастығын, Жамбыл-2 ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен Сейрат Халилов жетекшілік жасап отырған түрік қауымдастығының атқарып жатқан ауқымды жұмыстарын ауыз толтырып айтуға болады.

Сол сияқты жоғарыда аталған ауылдардың «Әжелер», «Асыл ана» ұйымдарын басқарып отырған Құралай Сайбырова, Мырзағұл Баймағамбетова, Фатима Бағатова, Анаркүл Шадиарова, Нұрбала Ағыбаева, Бәтін Медетбекова, Жүлдіз Оразовалардың мақтанышпен тілге тиек етерлік жұмыстары жетерлік. Бұлардың уақытпен санаспай істеп жүрген жұмыстарына көңіл сүйсінерлік.

Ауыл жұртшылығы осынау аналар ұйымдарын тектен-текке бетке ұстамайды. Қашан болсын аталған адамдар игілікті іс-шаралардың басы-қасында жүреді.

Осы жерде ауыл адамдарының ынтымағы мен бірлігін, ұйымшылдығы мен ұтқырлығын, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға деген ынта-жігерін арттыруда аянбай атсалысып үрген азаматтар мен азаматшалардың елеулі еңбектерін ескерусіз қалдыруға болмайды. Мәселен, Нұрахан Райымбеков, Марат Құлжабаев, Ақан Қарақұшиков, Берік Темірбеков, Нұрлан Молдахметов, Мәсімқан Таңатов, Әнуар Байғожаев, Жақып Шүренов, Есдәулет Тасырбаев, Рахымжан Тойғұловтардың жақсы істерге жанашыр болып жүргенін атап өткен артық болмайды. Осы ардагерлердің халық арасындағы іс-қимылдары біздің жұмысымыздың ажарын аша түсетіндігі ешқандай түсінікті қажет етпейді. Біз де абыройлы жұмыстың алға жетелейтінін құп көреміз.

Ал, ақ жаулықты аналар тобынан алғы шептен көрініп келе жатқан топжарғандар қатарында адамдар саны аз емес. Олардың жарқын жүздерінен аналықтың мейірімі мен шуағы қашан болсын төгіліп тұрады. Сондықтан да болар, біз оларды ерекше құрметтейміз әрі сыйлаймыз. Олардың арасынан Айжамал Нүсіпбаева, Назгүл Бидасбаева, Майра Әмірова, тағы басқа көптеген белсенді аналарды атап өтуге болады. Жаны жайсаң бұл жандар халықпен етене араласып, біздің тарапымыздан берілген тапсырмаларды ойдағыдай орындап жүргенін әрдайым жоғары бағалаймыз. Аталған аналардың мәртебелі болуы бізге дәйім ардақты болып саналады.

● ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ардагерлер тәжірибесі- жастарға үлгі

Іле ауданында 2026 жылдың мамыр-шілде айлары аралығында өткізілген ауқымды қоғамдық және мәдени іс-шаралар бар. Маңызды кездесулер мен байқаулардың бастамашысы әрі басты ұйымдастырушысы ретінде аудандық Ардагерлер ұйымы мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ерекше белсенділік танытты. Бірқатар бірегей жобалар жүздеген жергілікті тұрғындардың — өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдардан бастап, мектеп оқушыларына дейінгі буынның басын қосты.

Мамыр айының алғашқы күндері Отанды қорғаған майдангерлерге деген шексіз алғыс белгісімен басталды. Мерекелік шаралар тізбегін Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған «Отанды қорғау – қасиетті парыз» патриоттық кеші ашты. Іле аудандық кітапханасында өткен бұл басқосуда Ауған соғысының ардагерлері мен М. Мақатаев атындағы №13 орта мектептің «Жас сарбаз» сыныбының оқушылары бір үстел басында жүздесті. Ардагерлер жастармен ашық сұхбат құрып, майдан жолдарындағы өнегелі естеліктерімен бөлісті. Бұл өз кезегінде ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайта түсті.

Сондай-ақ, ғасыр жасаған майдангерді ұлықтау сәті де өте әсерлі өтті. Мамыр айының басында Ұлы Отан соғысының ардагері, ел мақтанышы Тәңірберген Толғамбаев 103 жасқа толды. Айтулы күнге орай қарияның шаңырағына Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бағдат Бейсенбекқызы арнайы барып, құттықтады. Шараға қатысушылар ғасыр жасаған майдангердің өнегелі өмір жолы кейінгі ұрпақ үшін ерліктің, елге адал қызмет етудің және отансүйгіштіктің жарқын үлгісі екенін ерекше атап өтті.

Көктемнің соңғы күндерінде өңірдің мәдени өмірі де айтарлықтай жанданды. Қараой ауылдық округінің Мәдениет үйінде ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында өткен «Шуағын шашқан әжелер» байқауы нағыз халықтық дәстүр мерекесіне айналды. Аудан әжелері 5

күрделі кезеңнен өтіп, өздерінің салт-дәстүрді білу деңгейін, шеберліктері мен «Бесік жырын» орындау өнерін паш етті. Бұл жоба ақ жаулықты әжелердің отбасы мен қоғамдағы ролін арттырудың маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Сонымен қатар, аудан көлемінде «Отты жылдар жырлары» атты ауданаралық көркемөнерпаздар байқауы бастау



алды. Көкжайнар ауылы мен Байкент ауылдық округінде өткен бастапқы іріктеу кезеңдерінде ең талантты өнерпаздар анықталды. Байқаудың қорытынды кезеңі 5 маусымда Іле аудандық Мәдениет үйінде ұйымдастырылды. Ауданның түкпір-түкпірінен келген ең үздік ардагер өнерпаздар ән және хор жанрлары бойынша бақ сынасып, соғыс жылдарындағы қасиетті жырлар мен әндерді ұрпақ санасына қайта сіңірді.

Іле ауданы ардагерлерінің қоғамдық өмірі тек шығармашылықпен шектелмейді, олар салауатты өмір салтын да белсенді қолдайды. Маусым айының басында аудандық Мәдениет үйінде ардагерлер арасында шахматтан жекелей біріншілік өтті.

Жарысқа ауданның барлық ауылдық округтері мен кенттерінен келген спортшы ардагерлер қатысып, тартысты ойын көрсетті. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен, кубоктармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Іле ауданының ардагерлер ұйымдары өз жұмысында өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісіне ерекше көңіл бөліп келеді. Осы бағытта бірнеше ірі дөңгелек үстелдер мен кездесулер ұйымдастырылды.

Қараой ауылдық округінің Ардагерлер үйінде «Ел келешегі – тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға аға буын өкілдері, «Алатау жастары» ұйымының белсенділері мен ауыл тұрғындары қатысты. Қатысушылар жастарды отансүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеу, білім мен тәлім-тәрбие мәселелерін және ұлттық құндылықтарды сіңіру жолдарын қызу талқылады.

Бұл жұмыстың заңды жалғасы ретінде шілде айында Байкент ауылдық округінің кітапханасында «Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттық құндылықтардың тұғыры» атты жобалық іс-шара ұйымдастырылды. Жиынды ашқан аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев өз сөзінде ел бірлігі, отбасылық тәрбие, анаға құрмет, үлкенге ізет пен кішіге қамқорлық сияқты маңызды мәселелерді қозғап, аға буынның өмірлік бай тәжірибесін жастарға аманаттаудың мәнін түсіндірді.

Үш ай ішінде атқарылған ауқымды жұмыстардың қорытындысы Іле ауданының өз дәстүрлеріне берік екенін нақты дәлелдеді. Ардагерлердің қажымас қайраты мен аналардың даналығы арқасында аға буынның бірегей тәжірибесі жас ұрпаққа табысты табысталып, еліміздің жарқын болашағының берік іргетасын қалауға қызмет етіп келеді.

Бағдат БАЙПАҚБАЕВА,
Іле ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Оған көлденең тартар дәлеліміз де жетерлік. Қошмамбет ауылындағы ашық жатқан сайға талапқа сай футбол алаңын жасатып бердік. Оның айналасын қоршап, көгалдандыру мақсатында ағаштар отырғыздық. Мұндай жұмыстар ауылдарда әлі де жалғасын тауып келеді.

Ұйым өткен жылы кеңінен аталып өткен Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесінде де өздерінің берік ұстанымдарын көрсетті. Жамбыл, Ұлан, Қошмамбет ауылдарындағы майдангерлерге арналған ескерткіштер қайтадан жаңаланып, қалыпқа келтірілді. Айналасы ерекше күтімге алынды. Сондай-ақ, соғыс ардагерлерінің көздері тірі 12 жесіріне жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша ауыл жұрты күткендегідей айтып өтерлік айтулы қолпаштаулар мен құптауға тұрарлық құрметтер көрсетілді. Ұлы Жеңістің биылғы 81 жылдық мерекесі де талап деңгейінде өткені халықты таң-тамаша қалдырды.

Бүгінгі күні елімізде іс жүзіне асып жатқан ұлттық құндылықтарымыз жетіп артылады. Соларды жүзеге асыру мақсатында жоспарлы жұмыстар да аз болып тұрған жоқ. Соның бірі мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру» жөніндегі шаралар туралы Жарлығы халық тарапынан жаппай қолдау тауып жатқаны қуанышты жәйт екені сөзсіз. Бұл нақты бағыт-бағдарында біздің де қол қусырып, қарап жатқан жәйіміз жоқ. Ауыл кітапханаларымен бірлесе отырып, мемлекет басшысы нұсқаған жеті кітаптың айналасында ауқымды түрде насихат жұмыстары қолға алыну үстінде.

Біздің жұмыс осымен ғана шектеліп қалмайды. Алдағы күндері атқаратын жұмыстардың ауқымы көп. Соның бірі – ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды жетілдіре түсу. Бұл жұмыстарды мүлтіксіз орындап шығуға біздің мүмкіндігіміз мол. Соны ретімен іс жүзіне асырып жатсақ, мақсат пен мұратымыздың орындалғаны. Аталған міндеттер бізге асқан жауапкершілік жүктейді. Оны орындау-парызымыз.

Елікбай ОСПАНҚҰЛОВ,
Жамбыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ӨНЕГЕСІ

Қонаев қаласының ардагерлер ұйымы-аға буын өкілдерін біріктіріп, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына мүмкіндік беріп отырған маңызды қоғамдық ұйым. Ардагерлеріміздің өмірлік тәжірибесі мен елге деген жанашырлығы-бүгінгі қоғам үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де үлкен өнеге. Бүгінде Қонаев қаласының ардагерлер ұйымында 65 ардагер бар. Оның ішінде 5-еуі-тыл ардагері. Ұйым құрамындағы ардагерлер қаланың қоғамдық, мәдени және рухани өміріне белсенді қатысып келеді.

Жыл басынан бері ардагерлер ұйымы көптеген мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуда. Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай ардагерлер арасында түрлі шаралар ұйымдастырылып, соның ішінде арнайы ардагерлер хоры құрылды. Хор ұжымы дайындық жұмыстарын жүргізіп, облыстық фестивальге қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, жүлделі орындарды иеленді. Бұл-аға буынның өнерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың белсенді өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды бастама болды.

Сонымен қатар ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан және бильярдтан жарыстар ұйымдастырылып, спорттық белсенділікке баса көңіл бөлінді. Мұндай жарыстар ардагерлердің бос уақытын тиімді өткізуіне, денсаулығын нығайтуына және өзара қарым-қатынасты қалыптастыруына зор мүмкіндік беруде. Шахмат-баланың ойлау қабілетін, логикасын және сабырлылығын дамытатын пайдалы спорт түрі болғандықтан ардагерлер қалалық балалар үйінде шахматтан жарыс ұйымдастырып, қолдау көрсетті. Бұл-ардагерлер мен ұрпақ сабақтастығының жарқын үлгісі екендігін тағы бір мәрте айшықтап берді. I маусым-халықаралық Балаларды қорғау күніне арналған іс-шараларға да ардагерлер ұйымы белсене қатысты. Бүлдіршіндерге ойыншықтар сыйлап, балмұздақ таратып, қуаныш сыйлады. Осы шара аға буынның балаларға деген шынайы қамқорлығы мен мейірімінің нақты көрінісі екендігін айғақтады.

Ардагерлер қоғамдық және рухани бағыттағы жұмыстарымен бірге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын қолдау ортақ міндет деп біледі. Президенттің қоғамды дамытуға, білім мен мәдениетті арттыруға бағытталған бастамаларына ардагерлер де үнемі өз үлестерін қосып келеді. Президент тапсырмасы аясында

қолға алынған «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жоспары аясында Шеңгелді мен Қосқұдық ауылдарының тарихы мен тағдырына арналған танымдық іс-шара өткізілді. Бұл шара туған жердің тарихын білуге, кейінгі ұрпаққа тарихи деректерді жеткізуге бағытталды. Ардагерлердің пікірінше, «Кітаппен болашаққа» кітап оқу-адамның ой-өрісін кеңейтетін, білімін арттыратын және рухани дамуына жол ашатын маңызды құрал. Сондықтан мұндай бастамаларды қолдау аға буынның да басты міндеттерінің бірі болып алдағы уақытта да жалғаса беретін болды.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері Әбілғазы Құсайыновтың облыстық «Алатау ардагері» газетінде жарияланған «Даналық формуласы» мақаласы ұйым мүшелеріне алдағы уақытта атқаратын жұмыстарына басты тұжырымдама болып отыр. «Үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдармен практикалық өзара іс-қимылы», «Халық кеңесі арқылы құқықтық бастамалар», «Бастауыш ардагерлер ұйымының филиалдары-қозғалыстың негізі» атты бағыттары біздің тарапымыздан ұйымның қолданыстағы ережелеріне бейімделіп қана қоймай, ауқымды азаматтық қоғам институттарының жұмыстарына белсене араласып, жұмыс стильдерімізді жаңартуды қажет ететіндігін аңғартып тұр.

Айта кетер жайт, Қонаев қаласының ардагерлері көп жылдардан бері 19 шағын ауданында бұрынғы стадионның жер телімі игерілмей жатқандығын облыс және қала әкімдігіне бірнеше мәрте мәселе етіп көтеріп келген болатын. Үстіміздегі жылдың 18 маусымында өткен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы кезекті «Таза бейсенбі» акциясы осы стадион аумағында өтті. Экологиялық шараға облыс әкімі Марат Сұл-



танғазиев пен қала әкімі Асхат Бердіханов қатысып, стадион орналасқан жердің бүгінгі жай-күйіне назар аударды. Қала орталығындағы мұндай аумақтың бос жатпауы керектігін өңір басшысы оны Бас жоспар талаптарына сай пайдалану мәселесін қарастыруды тапсырды. Бұның өзі ардагерлер ұйымының ұсынысы жерде қалмай өзекті мәселенің алдағы уақытта оң шешімін табатындығына үлкен үміт сыйлады.

Қазір технологияның дамуы жастарға ғана емес, аға буын өкілдеріне де жаңа мүмкіндіктер ұсынууда. Цифрлық ортаға бейімделу, күнделікті тіршілікте заманауи құралдарды пайдалану мәселесі арасында да қызығушылық тудырып отыр. Осы орайда «Ауыл» партиясы мен республикалық ардагерлер қоғамдық ұйымы арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында «Жасанды интеллект» тақырыбында ардагерлерге арналған оқыту семинары ұйымдастырылды. Басқосуда ардагерлерге жасанды интеллект жүйелерінің мүмкіндіктері таныстырылып, оларды тұрмыста және ақпарат іздеуде тиімді қолданудың жолдары түсіндірілді.

Қаладағы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, ардагерлер ұйымының жұмысына өз үлесін қосып жүрген азаматтарымыздың еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Атап айтқанда «Құрмет» орденінің иегері Сансызбай Мадиеков, Алматы облысының Құрметті ардагері, Балқаш ауданы мен Қона-

ев қаласының Құрметті азаматы, ақын Ізтілеу Тойшыбаев, ардагер-журналист, Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы Зарыққан Есілбаев, Нұрсеитов, қалалық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мира Колхозқызы қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, әртүрлі іс-шаралардың ұйымдастырылуына атсалысып келеді. Бұл азаматтар өздерінің белсенділігімен басқа ардагерлерге де үлгі көрсетіп, ұйымның қоғамдық жұмыстарын жандандыруға үлес қосуда.

Ардагерлер ұйымының алдында шешімін күтіп тұрған бірқатар өзекті мәселе бар екендігін жасыруға болмайды. Ең маңызды мәселелердің бірі-Қонаев қаласында Ардагерлер үйін салу. Олай дейтінім, ардагерлердің басын қосып, кездесулер өткізіп, мәдени және қоғамдық іс-шараларды тұрақты ұйымдастыратын арнайы ғимараттың болуын бүгінгі күннің қажеттілігі деп білемін. Ардагерлер үйі болса аға буын өкілдері бос уақыттарын тиімді өткізіп, пікір алмасып, түрлі үйірмелер мен мәдени шараларға қатыса алар еді. Бұл мәселені қала әкімдігімен бірлесіп шешу ұйымның басты мақсаттарының бірі болып отыр.

Екінші маңызды мәселе-қалаішілік автобустардағы жол жүру тәртібі мен ардагерлерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау. Ардагерлер қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру мәселесінде 70 жастан бастап ардагерлерге жағдай жасау жөніндегі ұсыныс көтеріліп отыр. Бұл ұсыныстар тиісті қала әкімі Асхат Бердіхановтың деңгейінде қаралып, алдағы уақытта оң шешімін табады деген сеніміз бар.

Ардагерлер ұйымы бүгінгі таңда тек мерекелік іс-шаралармен шектеліп отырған жоқ. Қаладағы қоғамның мәселелерді көтеру, жастар тәрбиесіне үлес қосу, мәдениет пен руханиятты насихаттау, спорттық шараларға қатысу, балаларға қамқорлық көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Жыл соңына дейін ардагерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамдық белсенділігін арттыру, жастармен байланысты нығайту сияқты жұмыстар жалғаса береді.

Аға буынның қоғамдағы орны ерекше. Себебі ардагерлер-ел тарихының тірі куәгерлері, кейінгі ұрпаққа ақыл-кеңес беретін тәжірибелі азаматтар. Ардагерлердің мақсаты-өздері үшін ғана емес, елдің бірлігі мен болашағы үшін қызмет ету.

Базарбай ОРАЛБАЕВ,
Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

СВЯЗЬ ПОКОЛЕНИЙ

ВСЕГДА В СТРОЮ: вклад ветеранов в жизнь общества

Наша ветеранская организация, как и сам город Алатау, еще относительно молода. Тем не менее мы стараемся принимать активное участие во всех культурно-массовых и патриотических мероприятиях, а также в проведении государственных и национальных праздников, организуемых городским акиматом.

Если говорить о самых активных ветеранах, то их общее число составляет плюс-минус 50 человек. Конечно, необходимо и далее вовлекать в общественную работу больше людей старшего поколения, но существует ряд сдерживающих факторов. В первую очередь-это отсутствие у нас собственного Дома культуры, где жители города и микрорайонов могли бы собираться, общаться и строить планы. Не менее важны агитационная работа, отбор кадров, уровень компетенций, активность самих кандидатов и их желание менять жизнь к лучшему. Все эти задачи мы, разумеется, держим в поле зрения и ставим на перспективу. А теперь по существу.

На сегодняшний день у нас 12 микрорайонов, и в каждом из них есть свои помощники: председатели первичных ветеранских организаций (төраға) и представители общества «Асыл ана», с которыми мы поддерживаем постоянную связь. Совместно мы проводим мероприятия, имеющие познавательную, историческую и воспитательную ценность.

Например, весной этого года в селе Койган была организована встреча с учащимися и педагогами средней школы № 8. Именно в этом селе проживает участник ликвидации аварии на Чернобыльской АЭС Нурхайын Мухиддинов. Ныне он

возглавляет общественное объединение ветеранов и инвалидов-чернобыльцев Алматинской области. Темой беседы стали 40-летие со дня трагедии на Чернобыльской АЭС, а также вопросы патриотизма, мужества и служения долгу на примере конкретной человеческой



судьбы. На встрече присутствовали общественники, тренеры, представители «Асыл ана» и специалисты

акимата города Алатау. Также были приглашены ветераны-чернобыльцы из соседнего города Конаев.

В Доме культуры села Арна состоялся отборочный этап творческого конкурса среди ветеранов «Песни военных лет». Кроме того, наши ветераны участвовали во встречах с офицерами и военнослужащими войсковой части 6654 в Заречном, помогали в подготовке и праздновании Дня Победы в Жетыгене, поддерживали экологическую акцию «Таза Қазақстан» и высадку деревьев в сквере перед мечетью в



Отдельно хотелось бы выделить еще одно важное событие. Весной этого года в средней школе № 12 микрорайона Жанадаур прошла встреча учащихся, ветеранов и общественности. На неё были приглашены бывший министр обороны РК, бывший депутат Парламента, генерал-полковник и Халық Қаһарманы Сат Бесимбаевич Токпақбаев вместе со своей супругой — писательницей и поэтессой Сауле Мағазбекқызы Досжановой. Встреча прошла под девизом «Өнегелі өмір ұрпаққа ұран» («Достойная жизнь-призыв для поколения»). Напомним, что генерал является уроженцем Илийского района. Целью этого мероприятия было ориентирование сельской молодёжи, раскрытие сущности патриотизма и нравственных ценностей в самом начале их жизненного пути.

Среди приглашенных гостей были руководители и представители общественных организаций:

Г. И. Сембиев-председатель Центра общественного согласия и развития;

Р. С. Сауырбаева-председатель Совета «Асыл ана» и Общественного совета города Алатау;

А. Т. Бекмуратов-председатель Совета ветеранов микрорайона Жанадаур;

А. Б. Куренкеева-председатель организации «Аналар ұйымы»;

А. М. Бурлыбаева-член молодёжного объединения.

Наши аксакалы всегда активно участвуют в важных общенациональных событиях, включая выборы и референдумы. В частности, они проявили высокую гражданскую активность на прошедших только что выборах депутатов Курултая.

Пользуясь случаем, хочу выразить искреннюю благодарность за поддержку и содействие в нашей деятельности заместителю акима города Алатау Гульбану Насипбаевой, секретарю городского маслихата Розе Абиловой, руководителю отдела внутренней политики города Ардагеру Акжигитову, а также всем директорам средних школ, членам ОО «Асыл ана», «Аналар ұйымы» и представителям молодёжной организации.

Аскар Юсупов,
председатель Совета ветеранов
города Алатау
(Фото из архива автора)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Дәстүр – тәрбиенің алтын бесігі

Бүгінгі күнде мемлекет басшысы Қ. Тоқаев күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» бағдарламасына үлкен жауапкершілікпен қарау керек екендігіне айрықша мән беріп, аға буын өкілдерінің қоғамда болып жатқан өзгерістерді жас ұрпаққа дәйекті түрде жеткізе білудің қажеттігін атап өтті.

Үлкенге құрмет көрсету, отбасылық қағидаттарды сақтау, ізгі дәстүрлерді жаңарту, дәстүрдің уақытпен бірге жаңарып, жаңа сипат алып келе жатқанын көрсету болса керек. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Ұйғыр аудандық филиалының жанынан құрылған аудандық «Асыл ана» қоғамдық ұйымы Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» реформаларын жүзеге асыру аясында отбасылық құндылықтарды, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастыра отырып, «Асыл ана» қоғамдық ұйымының тәрбиелік және ұлттық құндылықтар бағдарламасы аясында қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі - «нәрестені қыркынан шығару» және «Тіл ашар» сияқты дәстүрлерге арналған шара өтті.

Шараны «Асыл ана» қоғамдық ұйымының тәрбиелік және ұлттық құндылықтар бағдарламасы аясында қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі - «нәрестені қыркынан шығару» және «Тіл ашар» сияқты дәстүрлерге арналған шара өтті. Шараны «Асыл ана» қоғамдық ұйымының тәрбиелік және ұлттық құндылықтар бағдарламасы аясында қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі - «нәрестені қыркынан шығару» және «Тіл ашар» сияқты дәстүрлерге арналған шара өтті. Шараны «Асыл ана» қоғамдық ұйымының тәрбиелік және ұлттық құндылықтар бағдарламасы аясында қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі - «нәрестені қыркынан шығару» және «Тіл ашар» сияқты дәстүрлерге арналған шара өтті. Шараны «Асыл ана» қоғамдық ұйымының тәрбиелік және ұлттық құндылықтар бағдарламасы аясында қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі - «нәрестені қыркынан шығару» және «Тіл ашар» сияқты дәстүрлерге арналған шара өтті.

САЛТ-ДӘСТҮР

Қыз ұзату-ағайынға ортақ мереке

Жақында Еңбекшіқазақ ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің тәрбиелік және ұлттық құндылықтар бағдарламасы аясында «Отбасы аясында, отбасы құндылықтарды, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы креативті өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған» кеңес отырысы өткізілді. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы атадан балаға мирас болып келе жатыр.

Отырыс барысында соның бірі «Қыз ұзату» салт-дәстүрін көрсетілді. Қыз жат жұрттыққа жаралған. Қыз ұзату – қазақ халқының ең көне әрі ең қастерлі салттарының бірі. Ол – қыз баланы ата-анасының ақ батасымен, ағайын-туыстың ризалығымен, елі мен жерінің аманатымен өзге әулетке келін етіп шығарып салу рәсімі. Бұл – ұлт дүниетанымында терең мәнге ие өмірлік өткел, яғни балалық шақтан отбасылық өмірге қадам басудың символы. Қызды ұзату – тек жеке отбасының қуанышы емес, бүкіл ауылдың, ағайынның ортақ мерекесі. Өйткені бұл рәсім екі әулеттің арасындағы туыстық байланыс пен достықтың бастауы саналады. Қызды лайықты жолмен ұзату – ата-ананың парызы, ұлттың намысы, ұрпақ алдындағы жауапкершілігі. Осы дәстүр арқылы қазақ халқы ұрпағын ізеттілікке, инабаттылыққа, ата-ананы қадірлеуге, отбасы құндылығын ардақтауға тәрбиелеп келеді. Салт-дәстүр бойынша өз отбасынан үлкен ата-әжелері ақ батасын беріп шығарып салу

АРДАГЕР СПОРТШЫ

Жұлдызы жоғары жан

«Адам кім болса да адал еңбек етіп, терге шома жұмыс атқаруы тиіс: өмірдің мәні мен мұраты, оның бақыты мен мақсаты осында» - деген екен орыстың классик жазушысы А.П. Чехов. Талғарда 1957 жылы дүниеге келіп, осындағы №2 орта мектебінде он жыл білім алған Болатжан Теңізбаев та жас кезінен еңбекке бейім, шаршау дегенді білмейтін, сүйегі жеңіл, мінезі қызба, қайсар бала еді.

Алтыншы сыныптан бастап ол бапкер Анатолий Федорович Никифоровтай сұңғыла, білгір, талапшыл жанның қолына түсті. Табанды, тарамыс денелі қара бала үш-төрт жылда-ақ күрес көгіне жарқырап көтерілді. Грек-рим күресінің сан-алуан әдістерін өте жақсы меңгеріп алған алғыр Болатжан 1973 жылы ақ Қазақстан жастар құрама командасындағы 48-келі салмақтағы ең күшті балуанның бірі болды.

«Жастық шақ - ерлік жасар кез» депті ойшы Стендаль. Жастық - арман. Жастық - күш. Жастық - ұлы сезім. Жастық - әрі лирика, әрі романтика. Бойында бұла күші бар он алты, он жеті жасқа келгенде тас камалды да тесіп өтетін найзағай отындай жігерлі бозбала болатын. 1974 жылы Беларусияның Гродно қаласында өткен Кеңес Одағының,



жастар арасындағы чемпионатында 48 келі салмақта «СССР чемпионы» атанған шынашақтай қара бала осыдан кейін грек-рим күресінің соңына біржола түсті. Боз кілем

үстіндегі жекпе-жекте дауыл ойнатып, найзағай соқтыратын жас балуан 1977 жылы Қарағанды қаласында өткен Қазақстан Кубогы жолындағы жарыста ерекше жарық жұлдыз болып жанды. Өңшең ығаймен сығай, жеңіл салмақтағы Қазақстанның ең күшті балуандары бас қосқан осы бәсекеде Болатжан ақтық сынға дейін бір сүрінген жоқ. Ақтық сында ол сол тұста айдарынан жел есіп, есімі талай жерге мәлім болған, Европа мен әлемнің чемпионы Князь Ахметовтай баһадүрдің өзімен айқасты. Тәжірибесі мол арлан қасқыр әлі тілересегі толыспаған жас бөлігікті әдіс-айласының молдығымен жеңді. Сөйтіп, талай бапкерлердің көзіне түскен Болатжан Теңізбаев осы күміс жұлдісі үшін «СССР спорт шебері» белгісін омырауына тағып, Қазақстан құрамасының ең жас балуандарының қатарына қосылды.

...Бабы келіскен жүйріктің бір шапса еңтігін баспай ұзақ көсілетіні бар. 1977 жылы Украинаның Житомир қаласындағы жастар арасындағы үлкен айтулы долада көмбеге дейін арындап шапты. Ақтық сында әлем чемпи-



оны, Арменияның Ереван қаласынан келген, кәнігі спорт шебері Нерсоянның өзін боз кілем үстінде жаңғақша шағып тастағанда, қазақ бозбаласының арынды шабысына Одақ жаттықтырушылардың көбісі тандана көз тігіп еді.

...1973-1980 жылдары балуан Болатжанның жұлдызы жанған жылдар болды. Грек-рим күресінен Қазақстан құрама командасының белді мүшесі болған ол әлемнің сан түрлі қалаларында «Кайрат», «Спартак», «Еңбек», «Динамо», «Еңбек резервтері» ерікті спорт

қоғамдарының атынан күресіп, талай рет бас жұлденің иегері атанды. Ол сол кездерде белгілі балуандар - Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков сияқты балуан жігіттермен қоянқолтық араласып, боз кілем үстінде аянбай тер төгіп еді.

Қазір ауданымыздың №2 балалар мектебінде күрестің жаттықтырушысы қызметін атқаруда.

Тұрсынбек ЖАЛҒАСБАЕВ,
ардагер журналист.
Талғар ауданы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Елді мекендерді санитариялық тазарту – ортақ міндет

Елді мекендердің санитариялық тазалығы – халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Таза әрі көрікті орта қалыптастыру әрбір азаматтың жауапкершілігін талап етеді.

Санитариялық тазарту – бұл тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды уақытылы шығару, көше мен аула аумақтарын қоқыстан арылту, арықтарды тазалау, жасыл желектерді күтіп-баптау сияқты кешенді шараларды қамтиды. Мұндай жұмыстарды тұрақты жүргізу экологиялық ахуалды жақсартып қана қоймай, түрлі жұқпалы аурулардың таралуына жол бермейді.

Осы бағытта елімізде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының маңызы зор. Акцияның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, елді мекендерді абаттандыру және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Санитариялық тазарту жұмыстары барысында көшелер, аулалар, қоғамдық орындар мен аумақтар қоқыстан тазартылып, тұрмыстық қалдықтар белгіленген орындарға шығарылады. Сонымен қатар, абаттандыру, көгалдандыру, ағаштарды күтіп-баптау және аумақтардың санитариялық жағдайын жақсарту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Тазалық сақтау тек арнайы қызметтердің міндеті емес. Өрбір тұрғын өз ауласын, көшесін және қоғамдық орындарды таза ұстауға үлес қосуы қажет. Қоқысты белгіленбеген жерге тастамау, тұрмыстық қалдықтарды арнайы орындарға шығару және қоршаған ортаға ұқыпты қарау – мәдениетті қоғамның белгісі.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, туған жерге деген жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл шаралар бір жағынан табиғатты қорғауға сеп болса, екінші жағынан тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастырады. Тазалық – бір күндік шара емес, күнделікті әдетке айналуы тиіс.

Таза елді мекен – дені сау ұрпақ пен жайлы өмір сүру ортасының кепілі. Сондықтан қоршаған ортаның тазалығын сақтау – баршамызға ортақ міндет.

Мемлекеттік қызметшінің әдебі – елге қызмет етудің негізі

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілікті, кәсібилікті және жоғары адамгершілік қасиеттерді талап ететін маңызды сала. Мемлекеттік қызметші – халық пен мемлекеттің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін тұлға. Сондықтан оның әрбір іс-әрекеті, сөзі мен қарым-қатынасы қоғам назарында болады.

Мемлекеттік қызметшінің басты қасиеттері – адалдық, әділдік, сыпайылық, жауапкершілік және кәсібилік. Азаматтармен қарым-қатынаста құрмет танытып, олардың өтініштеріне мұқият қарап, заң талаптарын сақтау – әр қызметшінің міндеті.

Әдепті мемлекеттік қызметші өз қызметтік міндетін адал әрі сапалы атқарып қана қоймай, әріптестерімен де сыйластық қарым-қатынас орнатады. Ол қызметтік жағдайын жеке мақсатта пайдаланбайды, сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді және мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін әрекеттерден аулақ болады.

Қазіргі таңда халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімімен қатар, олардың мәдениеті мен әдептілігіне де тікелей байланысты. Осы ретте мемлекеттік қызметші үшін қарапайымдылық, жауапкершілік, ашықтық, әділдік және сыпайылық секілді қасиеттер аса маңызды.

Әдеп нормаларын сақтау – тек заң талабы емес, бұл халыққа деген құрметтің көрінісі. Өрбір мемлекеттік қызметші өз міндетін абыроймен атқарып, қоғам мүддесін бірінші орынға қойған жағдайда ғана мемлекеттік қызметтің беделі арта түседі.

Сондықтан мемлекеттік қызметші әрдайым өз ісімен үлгі болып, «халыққа қызмет ету» қағидасын басты ұстаным етуі қажет. Себебі мемлекеттік қызметтің басты құндылығы – халықтың сенімі, ал сол сенімді сақтау әр қызметшінің күнделікті еңбегі мен әдебінен басталады.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4473

Тапсырыс №1953

Индексі – 65472.

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ